ШЕШІМ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН

2024 жылғы 06 қараша №7119-24-00-2/13746 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Г.М.Баткалова, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Астана-Теплотранзит» акционерлік қоғамы

ЖАУАПКЕР:
«DLVO» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
Жеке кәсіпкер «Құдайберген» атынан - Құдайберген Мәнсүр Шалқарұлы

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1.Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы
2. Тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 12-бабының 4-тармағы 3)-тармақшасына сәйкес, тапсырыс беруші мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінуге міндетті.

«Соттардың мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманы қолдануы туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2022 жылғы 21 сәуірдегі № 4 Нормативтік қаулысының 8-тармағына сәйкес, мемлекеттік сатып алу туралы өнім берушілермен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар деп тану туралы талап қоюларды қарау кезінде соттар АК-нің 359-бабына сәйкес азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің негізі ретінде өнім берушінің кінәсін және АПК-нің 6-бабының бесінші бөлігіне сәйкес әділдік пен ақылға сыйымдылық өлшемшарттарын негізге ала отырып, Тапсырыс беруші үшін туындаған жағымсыз салдарларды назарға алуы қажет. Шарт тарабына шартты жасасу кезінде үміт артуына құқылы болғанынан едәуір

дәрежеде айырылуына келтірген залалды жағымсыз салдарлар деп түсінген жөн (АК-нің 401-бабының 2-тармағы). Сонымен қатар мемлекеттік сатып алу туралы шарт тараптарының жұмыстарды орындау мерзімін өзгерту бөлігінде жасаған қосымша келісімдері де соттардың бағалауына жатады. Заңның 45-бабында мемлекеттік сатып алу туралы шарттың жобасына не жасалған шартқа өзгерістер енгізудің негіздері белгіленген. Осыған байланысты, егер тараптар шартқа, жобалау-сметалық құжаттамаға Заңның 45-бабы 2-тармағының 7), 8), 9) тармақшаларына сәйкес өзгерістер енгізбесе, онда мемлекеттік сатып алу туралы жасалған шартта көзделген жұмыстарды орындау мерзімін өзгерту бөлігінде қосымша келісімдерге сілтеме жасау негізсіз болып табылатынын соттар назарда ұстауға тиіс.

АК-нің 272 бабына сай міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда - іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс.

АК-нің 273 бабына сай заңдарда немесе шартта көзделгеннен басқа реттерде міндеттемені орындаудан біржақты бас тартуға және оның шарттарын біржақты өзгертуге жол берілмейді.

1. Іс материалдарына қарағанда, «Астана-Теплотранзит» акционерлік қоғамы мен «DLVO» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі арасында түзілген 26.07.2024 жылғы тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы №1003/09-24 шартқа сәйкес, Өнім беруші осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын оған қосымшаларда көрсетілген шарттарға, талаптарға сәйкес және баға бойынша 22 063 994,40 теңгеге 7 дана тауар «Компенсатор» жеткізуге міндеттенеді, ал Тапсырыс беруші осы Шарттың талаптарымен Тауарды қабылдауға және Шарт бойынша Өнім беруші өз міндеттемелерін тиісінше орындау шартында төлеуге міндеттенеді.

Шарттың 3.1. тармағының 1) тармақшасына сәйкес, Өнім беруші Шарт бойынша өзіне алған міндеттемелердің толық және тиесілі орындалуын қамтамасыз етуге міндеттенеді.

Шарттың 5.3. тармағына сәйкес, Жеткізу Өнім беруші Тапсырыс берушіге Тауарды техникалық ерекшелікте көрсетілген талаптарға дәл сәйкестікте толық беру шартында жасалды деп есептеледі.

Шарттың №1 қосымшасына сәйкес жеткізу мерзімі тапсырыс берушінің өтінімі бойынша 45 күнтізбелік күн ішінде, өтінім 26.07.2024 жылы жолданған, орындау мерзімі 09.09.2024 жыл.

Жеткізуші шарт бойынша өзіне алған міндеттемелерін толық көлемде орындамағандықтан, тапсырыс беруші 12.09.2024 жылы өнім

Документ подписан: Баткалова Г. М., 06.11.2024

Дата вступления в законную силу: 12.12.2024, судья Баткалова Г. М., 31.12.2024

берушіге шартты бұзу туралы хабарлама жіберген, хабарлама жауапкермен 12.09.2024 жылы оқылған. Шарт 28.10.2024 жылы бұзылған.

Өнім берушімен қойылған тауар техникалық сипатамаға сәйкес келмеуіне байланысты, тапсырыс берушімен тауар қыбылданбаған, ол жөнінде 30.09.2024 жылғы сәйкессіздік актісі жасалған.

Мұндай жағдайларда сот жауапкердің кінәсін азаматтық-құқықтық жауапкершілікке негіз ретінде, сондай-ақ тапсырыс беруші үшін шарт жасасу кезінде күткенін алмау кезіндегі жағымсыз салдарларды ескереді.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде, жауапкердің шарттық міндеттемелерді орындамауын және шартты бұзуын ескере отырып, сот жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану бөлігінде талап қанағаттандырылуға жатады деген қорытындыға келеді.

АПК-нің 117-бабының 1-бөлігін негізге ала отырып, сот жауапкерден 1 846 теңге мемлекеттік бажды төлеуге кеткен сот шығындарын өндіріп алады.

2. Сонымен қатар, іс материалдарына қарағанда, «Астана-Теплотранзит» акционерлік қоғамы мен жеке кәсіпкер «Құдайберген» атынан - Құдайберген Мәнсүр Шалқарұлы арасында түзілген 12.08.2024 жылғы тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы №1053/09-24 шартқа сәйкес, Өнім беруші осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын оған қосымшаларда көрсетілген шарттарға, талаптарға сәйкес және баға бойынша 220 000 теңгеге 2 дана тауар «Ысырма» жеткізуге міндеттенеді, ал Тапсырыс беруші осы Шарттың талаптарымен Тауарды қабылдауға және Шарт бойынша Өнім беруші өз міндеттемелерін тиісінше орындау шартында төлеуге міндеттенеді.

Шарттың 3.1. тармағының 1) тармақшасына сәйкес, Өнім беруші Шарт бойынша өзіне алған міндеттемелердің толық және тиесілі орындалуын қамтамасыз етуге міндеттенеді.

Шарттың 5.3. тармағына сәйкес, Жеткізу Өнім беруші Тапсырыс берушіге Тауарды техникалық ерекшелікте көрсетілген талаптарға дәл сәйкестікте толық беру шартында жасалды деп есептеледі.

Шарттың №1 қосымшасына сәйкес жеткізу мерзімі Тапсырыс берушінің өтінімі бойынша 16 күнтізбелік күн ішінде, өтінім 21.08.2024 жылы жолданған, орындау мерзімі 06.09.2024 жыл.

Жеткізуші шарт бойынша өзіне алған міндеттемелерін толық көлемде орындамағандықтан, тапсырыс беруші 03.10.2024 жылы өнім берушіге шартты бұзу туралы хабарлама жіберген.

Сотта анықталғандай, өнім беруші тарапынан тауарлар толық көлемде жеткізіліп, тараптар арасында 23.10.2024 жылы тауарларды қабылдау алу-беру актілерге және 17.10.2024 жылы тауарды жөнелтпеге қол қойылған.

Документ подписан: Баткалова Г. М., 06.11.2024

Дата вступления в законную силу: 12.12.2024, судья Баткалова Г. М., 31.12.2024

Өнім беруші тұрақсыздық айыбының сомасымен келісіп, 24.10.2024 жылғы қосымша келісім жасасу арқылы өнім берушіден тұрақсыздық айыбының сомасымен 9900 мөлшерінде ұстап қалынған.

Заңының 43-бабының 23-тармағына сәйкес, тапсырыс беруші мен өнім беруші мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша қабылданған міндеттемелерді толық орындаған жағдайда көрсетілген шарт орындалды деп есептеледі.

Бұл мән-жайлар тараптармен жоққа шығарылмайды.

Демек, жауапкер тапсырыс берушіге жағымсыз салдарлар туындатпаған.

Осыған байланысты, аталған істі қарау барысында шарттар талаптарының жауапкермен тиісті түрде орындалғанын, яғни әділдік пен ақылға сыйымдылық өлшемшарттарын негізге ала отырып, тапсырыс беруші үшін жағымсыз салдарлар туындамағанын ескеріп, сот, жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануға және тұрақсыздық айыбын өндіруге негіздер жоқ деп санайды.

АПК-нің 117-бабына сай жауапкерден сот шығындары өндірілуге жатпайды.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 267-1 - 267-4 басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

«Астана-Теплотранзит» акционерлік қоғамының «DLVO» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне, жеке кәсіпкер «Құдайберген» атынан - Құдайберген Мәнсүр Шалқарұлына қойған мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап қоюы - ішінара қанағаттандырылсын.

«DLVO» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

«DLVO» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет кірісіне 1846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

«Астана-Теплотранзит» акционерлік қоғамының жеке кәсіпкер «Құдайберген» атынан - Құдайберген Мәнсүр Шалқарұлына қойған мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап қоюы -қанағаттандырудан бас тартылсын.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес

Документ подписан: Батқалова Г. М., 06.11.2024
Дата вступления в законную силу: 12.12.2024, судья Батқалова Г. М., 31.12.2024
7119-24-3-1/13087

жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге - осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін тараптар және прокурор АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын ескере отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап бір ай ішінде Астана қаласының мамандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, апелляциялық өтінішхат беруі мүмкін.

Судья **Г.М.Баткалова**

Документ подписан: Баткалова Г. М., 06.11.2024

Дата вступления в законную силу: 12.12.2024, судья Баткалова Г. М., 31.12.2024

7119-24-3-1/13087